

**Turkic  
Weekly**

**2018/97**

**WORLD  
ECONOMIC  
FORUM**





## **TURKIC WEEKLY 2018 4 (97) (22-28 қаңтар)**

**Turkic Weekly** Түркі әлеміндегі ең маңызды оқиғалардың апталық шолуын ұсынады. **Turkic Weekly** түркітілдес мемлекеттердің ағымдағы өзекті мәселелері бойынша уақтылы ақпарат беріп, объективті талдау жасайды.

**Turkic Weekly** – Халықаралық Түркі академиясы шығаратын апталық ақпарат-сараптамалық дайджест.



## БҮКІЛӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАВОС 2018 ФОРУМЫ

23-ші қаңтар күні Швейцарияда әлемдегі қазіргі экономикалық және саяси мәселелерді талқылау үшін жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін экономикалық форум ашылды. Форум 3 күнге созылды.

Биылғы жылы форумның ресми тақырыбы «Оқшауланған әлемде ортақ болашақ құру» болды. Форумның атауы пікірталастың сапасы мен бағытын көрсетеді.

Сонымен қатар, биылғы Форумның айрықша ерекшеліктерінің бірі - қатысушылардың тізімі болды. Атап айтқанда, шақырылған қатысушылар арасында әдеттегідей ірі компаниялардың басшылары, әлемдік көшбасшылар мен атақты тұлғалар, жалпы саны үш мыңға жуық адам болды.

Америка президенті Д.Трампың форумға келіп, қатысуы да біраз резонанс туғызды. Ол 2000 жылдан бері форумға келген алғашқы америкалық көшбасшы болды. Бұған дейін Давосқа тек Билл Клинтон барған еді.

Форумға қатысқан басқа да саясаткерлер арасында Франция президенті Эммануэль Макрон, Ұлыбритания премьер-министрі Тереза Мэй және Үндістанның премьер-министрі Нарендра Моди бар. Форумға сонымен қатар, Әзербайжан президенті Ильхам Әлиев қатысты.

Ал, Трампың жиындағы сөзі шын мәнінде үлкен қызығушылық тудырғанын атап өту керек. АҚШ президентінің сөзі шамамен 20 минутқа созылды. Дональд Трамп баяндамасын өзі президенттікке сайланған мерзімнен бергі АҚШ экономикасының қол жеткізген жетістіктерін келтіре бастады.

Ол Америка Құрама Штаттарында осы жылы 2,4 миллионнан астам жұмыс орны құрылғанын еске салды, ал жұмыссыздық деңгейі ғасырдың басынан бері ең төменгі деңгейде екенін де айтты. Табыс салығы 35% -дан 21% -ға дейін төмендеді, деді Трамп.

Сарапшылардың пікірінше, сәрсенбіден бастап төмендеген доллар бағамы бейсенбі күні АҚШ президенті Д.Трампың америкалық валюта бағамы өсетіні туралы мәлімдемесінен кейін күшейе түсуде. Сондай-ақ, Давоста экономикалық мәселелерден бөлек бірқатар басқа да тақырыптар талқыланды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, Давостағы форумда түрлі тақырыптар бойынша барлығы 400-ден астам отырыстар өткен.

Ашылу рәсіміне музыкант Элтон Джон, актриса Кейт Бланшетт және Болливуд жұлдызы Шах Рух Хан қатысты. Олар «Crystal Awards» сыйлығымен марапатталды.

Форумның ұйымдастырушылары таратқан деректерге сәйкес, биылғы кездесу қатысушылардың санымен рекорд жасаған. Жалпы алғанда, швейцариялық шаңғы курортында 48-ші рет бас қосқан кездесу болды.



## **ДУШАНБЕДЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ + ЖАПОНИЯ ДИАЛОГЫ ӨТТІ**

25-27 қаңтарда Тәжікстан астанасында аға лауазымды тұлғалардың «Орталық Азия + Жапония» диалогының 12-ші кездесуі өтті.

ТР СІМ ақпарат департаментінің мәліметі бойынша, диалогқа Тәжікстан СІМ бірінші орынбасары Низомиддин Зоҳиди және Жапония СІМ Орталық Азия бойынша арнайы өкілі Тошихиро Аики төрағалығық еткен.

Кездесуге Орталық Азия мемлекеттері мен Жапонияның делегация өкілдері қатысты. Атап айтқанда, Қазақстан СІМ Жалпыазиялық ынтымақтастық департаментінің директоры Әлібек Бақаев, Қырғызстан СІМ бірінші орынбасары Динара Кемелова, Түрікменстан Сыртқы істер министрінің орынбасары Вепа Гаджиев пен Өзбекстан Сыртқы істер министрінің орынбасары Саидикром Ниязходжаев қатысты.

Душанбедегі кездесу барысында тараптар жобаларды жүзеге асыру және көлік және логистика саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелерін талқылады.

Сондай-ақ, тараптар аймақтық қауіпсіздік мәселелері, диалог шеңберінде туризм және логистика саласындағы ынтымақтастықты одан дамыту туралы пікір алмасты.

Туризмді аймақтық ынтымақтастықтың жаңа бағыты ретінде жариялау Душанбедегі кездесудің басты қорытындыларының бірі болды.

Кездесу барысында сондай-ақ Орталық Азия мен Жапония арасындағы түрлі салаларда сауда-экономикалық және инвестициялық әріптестікті кеңейту мәселелері талқыланды.

2017 жылдың мамыр айында Диалогтың 2017-2018 жылдарға төрағалығы Тәжікстан Республикасы тапсырылғанын еске саламыз.



WORLD  
ECONOMIC  
FORUM

WORLD  
ECONOMIC  
FORUM

WORLD  
ECONOMIC  
FORUM



## **ИЛЬХАМ ЭЛИЕВ ДАВОСТАҒЫ ФОРУМДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ**

Давос қаласында өткен Бүкіләлемдік экономикалық форумның құрметті қатысушылары бірі Әзербайжан президенті Ильхам Әлиев болды.

Өз сөзінде И.Әлиев әлемдік экономикадағы өзекті мәселелерді баяндап, оларды шешудің нақты жолдарын ұсынды. Атап айтқанда, Әзербайжан шекарасындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігі туралы әңгіме барысында, көрші мемлекеттермен қарым-қатынас әр ел үшін басымдық болуы тиіс екенін атап өтті.

Оның айтуынша, көршілермен ашық және прагматикалық қарым-қатынас орнату қажет, олар өздерінің ұлттық мүдделеріне де, көршілерінің ұлттық мүдделеріне де негізделуі керек. Әзербайжан мұндай қатынастар орнатып үлгерді, деді И.Әлиев. Бұдан бөлек, ол Әзербайжан аумағының 20% -ын иемденген Армениядан басқа көршілерімен жақсы қарым-қатынаста екенін атап өтті.

«Біздің барлық көршілерімізбен – Каспий арқылы шектесетін және құрлықтағы көрші мемлекеттермен серіктестік достық қатынас орната білдік. Біздің еліміз жас, ол тек 26 жаста. Соған қарамастан, Әзербайжан өзін шын мәнінде тәуелсіз мемлекет ретінде танытты», - деп баса айтты И.Әлиев.

Әзербайжан басшысы өз елінің ұлттық мүдделеріне жауап беретін және көршілерінің мүдделеріне қайшы келмейтін тәуелсіз сыртқы саясатты қалыптастыра алғандығын айтты. Оның пікірінше, көршілес елдермен салыстырғанда кішірек мемлекеттің осындай тепе-теңдікті тауып, өзіне пайда таба білуі өте маңызды.

Президент Ильхам Әлиев сондай-ақ, экономиканы әртараптандыру - Әзербайжанның басты мақсаты екенін және осы бағытта елдің жақсы нәтижелерге қол жеткізгенін атап өтті.

«Мұнай бағасы құлдырағанда, мен мұнай мен газ туралы ұмыту қажеттігін және Әзербайжанда мұнайдан кейінгі кезең басталғанын айттым», - деп есіне алды президент.

Әзербайжан басшысы Әзербайжан бұрыннан бар мұнай-газ жобаларын жүзеге асыруды жалғастыруы керек екенін, алайда негізгі табыс көзі ретінде технологияға, инновацияға, өнеркәсіпке, кәсіпкерлікке және ауыл шаруашылығына назар аудару тиістігін айтты.



Түркі академиясы 2010 жылы Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия мемлекет басшылары тарапынан құрылды. Академия көне дәуірден қазіргі заманға дейінгі Түркі әлемінің тілдері, мәдениеті және тарихы бойынша жан-жақты зерттеулер жүргізіп, оларды үйлестіретін халықаралық ұйым. Түркі академиясы Түркі әлемін зерттейтін ғылыми-зерттеу және білім беру орталықтары арасында ынтымақтастықты арттыруға ықпал етеді.

[www.twesco.org](http://www.twesco.org) | 57-49-86

Тәуелсіздік даңғ., 57, Бейбітшілік және келісім сарайы  
Астана, 010000 | Қазақстан

 @intturkicadem

 <https://www.facebook.com/Intturkicadem>